

№ 75 ЖББОМ бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №7

Ақтөбе қаласы

29.03.2021 ж

Күн тәртібі:

1. «№ 75 жалпы білім беретін орта мектеп » КММ –і бойынша , Қамқоршылық кеңестің құрамын толықтыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Сапаров сөз алды:

Онда, Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігі, 31 қазан 2019 жылы № 46 санды бұйрығы негізінде, Ақтөбе қаласының білім бөліміне сұраныс берілген болатын. Онда, № 75 ЖББОМ бойынша қамқоршылық кеңестің құрамын бекітіп беру сұралған болатын. Осы мақсатта , бекітілген құрам мүшелері жыл бойы жұмыстар жүргізді.

Қазіргі елімізде орын алған жағдайларға байланысты , мектептегі оқу-тәрбие жұмысының орындалуы стандартқа сай ұйымдастырылуда. Осы ахуалдан шығу мақсатында аз қамтылған отбасыларына мектеп тарапынан ,Қамқоршылық кеңес тарапынан қолдау тауып , көмектер көрсетіліп келеді. Биылғы оқу жылында Қамқоршылық кеңесі құрамында отбасы жағдайына , қоныс аударуына байланысты үш құрам мүшесі қатыспай отыр . Балаларының басқа мектепке ауысуына байланысты , Қамқоршылық кеңес құрамынан шығарып, қайта толықтыруымыз қажет.

Шығып сөйлеушілер:

Тектіғұлова Айман – Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Баласының басқа мектепке ауысуына байланысты , кеңес мүшесі Елеменова Мираның орнына , мектеп ата-анасы Закирова Айгүлді ұсынамын. Мектептің барлық іс-шараларына белсене араласып келеді. Кеңес мүшесі Жаналин Төлегеннің басқа қалаға қоныс аударуына байланысты , орнына ата-ана, мектептің кіші қызметкері Тымпаева Лаураны ұсынамын.
Сулеева Баян – Қамқоршылық кеңес мүшесі

Қамқоршылық кеңес құрамында бір жылдан бері мектеп әкімшілігімен бірлесе біршама жұмыстар атқарылды. Алайда , денсаулығыма байланысты, өз ерікіммен қоғамдық жұмыстан босатуларыңызды сұраймын.

Қадірова Тәрбия – Қамқоршылық кеңес мүшесі.

Ата-аналармен , мектеппен тығыз қарым –қатынаста жұмыс жасап , мектеп өміріндегі шараларға белсене араласып жүретін Сулеев Аманкелдіні ұсынамын. Зейнеткер, мемлекеттік салада жұмыстар атқарған . Қоғамдық кеңес құрамында бірлесіп жұмыс жасайды деп сенім білдіремін.

Сапаров Түлкібай - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Ұсыныстар мен пікірлерді тыңдай отырып, осы сайланған құрамға міндеттері мен мақсаттарын, Қамқоршылық кеңестің жалпы Ережесін, сайлау тәртібі мен құрамының міндеттерін, өкілеттілігін, жұмыстың ұйымдастыру тәртібін түсіндіре отырып, бірлесе жұмыс жасауға шақырамын.










Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, төмендегідей Қаулы етеді:

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесі құрамы төмендегі тәртіппен қайта жасақталып, бекітілсін.

Сапаров Түлкібай - Қамқоршылық кеңес төрағасы
Кулов Аманғос – Қамқоршылық кеңес орынбасары
Салихов Асылбек – мүшесі
Симонов Ақылбек – мүшесі
Қадірова Тәрбия – мүшесі
Сулеев Аманкелді - мүшесі
Закирова Айгүл - мүшесі
Тектіғұлова Айман - мүшесі
Тымпаева Лаура – мүшесі

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:

 Сапаров Т
 Пирзадаева Г
 Қадірова Т.
 Сулеева Б
 Тымпаева М.
 Жанашин Т
 Кулов А.
 Симонов А
 Салихов А
 Тектіғұлова А